

ЖОҒАРҒЫ КУРС СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ӨНДІРІСТІК МАШЫҚТАНУДЫҢ РӨЛІ

Срайыл Г.І. химия мамандығының 4-курс студенті
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Қостанай қаласы
Ғылыми жетекшісі: Абдыкаликова К.А. х.ғ.к., профессор
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Қостанай қаласы

Аннотация

Болашақ педагог мамандардың жоғарғы оқу орнында алған теориялық білімдері мен практикалық тәжірибелерін ұштастыратын негізгі іс-әрекеті – өндірістік машықтану.

Бұл мақалада жоғарғы курс студенттері үшін өндірістік машықтанудың рөлі туралы айтылған және өндірістік машықтану кезінде жинақталған кейбір әдіс-тәсілдермен бөліскен.

Түйін сөздер: өндірістік машықтану, практика, қысқа мерзімді жоспар.

Аннотация

Основная деятельность будущих педагогов-производственная практика, сочетающая полученные в вузе теоретические знания и практический опыт.

В данной статье говорится о роли производственной практики для студентов старших курсов и делится некоторыми методами и способами, накопленными в процессе производственной практики.

Ключевые слова: производственная практика, практика, поурочный план.

Annotation

The main activity of future teachers is industrial practice, which combines theoretical knowledge and practical experience obtained at the University.

This article talks about the role of industrial practice for senior students and shared some of the methods and techniques accumulated in the process of industrial practice.

Key words: Production practices, practice, lesson plan.

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемдік деңгейдегі білім беру бағытына көшуі отандық білімді дамытудың стратегиялық жоспарын жаңартуды талап етеді. Осы жолда әр ұстаздың мақсаты – оқушыны оқытып қана қоймай, тиімді жолды таңдай отырып, жаңа заман тұлғасын қалыптастыру.

Өндірістік машықтанудан өту кезінде студент-практикант қаншалықты мамандықты дұрыс таңдағанын, өзінің тұлғалық қабілеттерінің болашақ мамандығымен үйлесімділік деңгейін анықтайды. Студенттердің іс-тәжірибесі жоғары оқу орындарында теориялық оқу барысында алған білімін нығайтуға және алдыңғы қатарлы тәжірибелерді меңгеруге бағытталады.

Өндірістік машықтанудың негізгі міндеттері:

1. Студенттердің жоғарғы оқу орнында алған теориялық білімдерін тереңдету
2. Оқытудың әр алуан әдістері мен тәсілдерін сабақ барысында үйлестіре білу;
3. Студенттерде оқу-тәрбие жұмысын бақылау, талдау іскерлігін қалыптастыру.
4. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізудің элементтерін қалыптастыруға бағыттау.

Мақсатты түрде ұйымдастырылып, тиянақты өткізілген өндірістік практика студенттерді оқыту мен тәрбие жұмысының қазіргі өмірмен байланысын күшейтуге, болашақ ұстаздың балалар және жасөспірімдермен байланысын күшейту мен тығыз қарым-қатынаста болуына оң әсерін тигізеді. Студенттер машықтану кезінде өздерін мұғалім ретінде сезінуге мүмкіндік алып, мектеп оқушыларымен қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін үйренеді.


Жоғары оқу орнынан келген машықтанушы-студент үшін өндірістік практиканың ұтымды жағы: сабақ беру кезінде өз шеберлігін шыңдап, оны ары қарай дамыту үшін жаңа оқу технологиясының алуан түрлерін меңгеріп, әрбір игерген жаңа ақпаратты өзінің күнделікті сабағында қолдануды үйренеді.



Өз пәнін оқушыларға ұтымды да, жеңіл меңгеруде тақырыпқа сай оқыту технологиясын тандап, оны іріктеу және іс – әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы баланың іс-әрекеті – технологиясын қабылдау, оған деген ынтасы мен құштарлығына көңіл бөлуі қажет.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде химия пәнінен сабақ жүргізу барысында білім беру процесін тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылар сабақты тез меңгеруге, шығармашылығын дамытуға, өз ойын дұрыс жеткізе білуге үйренеді. Әрбір сабақты өту кезінде жеке-сараланған тәсілді қолданбай сабақ жүргізу мүмкін еместігіне көз жеткізілді.

Машықтанушы-студент өзінің мамандығы бойынша бекітілген пән мұғалімімен қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрап, соған сәйкес сабақ өткізеді.

Бұл мақалада автор химия пәні бойынша 10-шы сыныпта «Алкандардың жану өнімдері», «Еріткіштерді алу мақсатында хлорлау реакцияларын қолдану» тақырыбына жасалған қысқа мерзімді сабақ жоспарларын ұсынып отыр:

	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 10.3В Көмірсутектер	ТАНЫСТЫРУ
	Машықтанушының аты-жөні: Срайыл Г.І.	
	Күні: «29 » қаңтар 2020 жыл	
	Сынып: 10 А	
	Қатысқандар саны: А (...) Қатыспағандар саны: А (...)	
Сабақтың тақырыбы	Алкандардың химиялық қасиеті (жану реакциясы). Еріткіштерді алу мақсатында хлорлау реакцияларын қолдану.	
Сабақта іске асатын оқу мақсаты	10.4.3.11 алкандардың жану өнімдерін білу; 10.4.3.12 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың мәні мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіну;	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - Метан қатары көмірсутектерінің толық және жартылай жануының өнімдерін анықтайды; - Гексан мен керосиннің жану тәжірибесін жүргізіп, айырмашылықтарын салыстыра алады; - Алкандардың галогендеу реакцияларының өнімдерін болжайды; - Орынбасу реакциясының механизмін дұрыс кезеңдерге ажыратады; - Алкандардың химиялық қасиеттерін жазып, хлорлы еріткіштерінің қауіптерін біледі; 	

Тілдік мақсаттар	<p><u>Оқушылар орындауы тиіс :</u> Алкандарға анықтама беру; «қаныққан», «көмірсутек» ұғымын түсіндіру; жалпы формуланы қолдана отырып, молекулалық формула құрастыруды түсіндіреді</p> <p><u>Пәнге қатысты лексика мен терминология</u> Алкандар, көмірсутек, қаныққан, қанықпаған, көміртегі, сутегі, жалпы формула, бейнелеу, мәліметтер кестесі, өседі, құлайды, мазмұны</p> <p><u>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер</u> Алкандар / тек қана Х... тұрады Қасиеті санына байланысты өзгереді ... Қайнау нүктесі / тұтқырлық / өртке қауіпсіздігі жоғарылайды / төмендейді санмен.. Көміртегі атомы көп болған сайын, көбірек /жоғарырақ ...</p>	
Құндылықтар	Сабақ барысында білім құндылықтары: – Сыйластық (бір-бірінің ойын айту кезінде) – Ынтымақтастық (жұптық жұмыс барысында) – Ашықтық (сұрақтарды ұялмастан қою және оларға жауап беру) – Өмір бойы білім алу	
Жаһандық азаматтыққа тәрбиелеу	Табиғатта болып жатқан процестер, бұл қоршаған ортаға және тұтастай алғанда адам өміріне әсер ететін жану процестері	
Өмірмен байланыс	Органикалық қосылыстар және өмір (тірі ағзалар)	
Пәнаралық байланыс	Экология (жылу бөліну), математика (есептеу)	
Алдыңғы білім	10.3А Органикалық химияға кіріспе	
Сабақ барысы		
Жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы 0-1 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Ынтымақтастыру атмосферасын құру.	
2-17 мин	«Алкандар, құрылымы және химиялық байланыстар түзуі» тақырыбын бекіту мақсатында оқушыларға қалыптастырушы бағалау тапсырмасын ұсыныңыз:	Қосымша 1
18-20 мин	Сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында оқушыларға суреттер ұсыныңыз:  Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбын болжап көріңіздер! 	Презентация Слайд 1

	<p>Оқу мақсаты: -алкандардың жану өнімдерін білу;</p> <p>№ 1 а</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- 1. Метан қатары көмірсутектерінің толық және жартылай жануының өнімдерін анықтайды;</td> <td>1. Алкандар жанған кезде түзілетін р 2. Метан қатары көмірсутектері реакцияларын ажыратады; 3. Оттегі толық, жартылай, жеткіліксіз өнімдерді атап, шешу жолдарын ұсынады;</td> </tr> <tr> <td>- Гексан мен керосиннің жану тәжірибесін жүргізіп, айырмашылықтарын салыстыра алады;</td> <td>1. Гексан мен бензиннің жануын танып, айырмашылықтарын анықтайды;</td> </tr> </tbody> </table> <p>Оқушыларға кері байланыс беру.</p>	Бағалау критерийі	Дескриптор	- 1. Метан қатары көмірсутектерінің толық және жартылай жануының өнімдерін анықтайды;	1. Алкандар жанған кезде түзілетін р 2. Метан қатары көмірсутектері реакцияларын ажыратады; 3. Оттегі толық, жартылай, жеткіліксіз өнімдерді атап, шешу жолдарын ұсынады;	- Гексан мен керосиннің жану тәжірибесін жүргізіп, айырмашылықтарын салыстыра алады;	1. Гексан мен бензиннің жануын танып, айырмашылықтарын анықтайды;	
Бағалау критерийі	Дескриптор							
- 1. Метан қатары көмірсутектерінің толық және жартылай жануының өнімдерін анықтайды;	1. Алкандар жанған кезде түзілетін р 2. Метан қатары көмірсутектері реакцияларын ажыратады; 3. Оттегі толық, жартылай, жеткіліксіз өнімдерді атап, шешу жолдарын ұсынады;							
- Гексан мен керосиннің жану тәжірибесін жүргізіп, айырмашылықтарын салыстыра алады;	1. Гексан мен бензиннің жануын танып, айырмашылықтарын анықтайды;							
21-24 мин	Жаңа сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстыру.	Презентация Слайд 2-5						
25-28 мин	Оқушыларға бейнебаян көруді ұсыныңыз: *Алкандардың жану өнімдері *Сұйық алкандардың жануы <i>Проблемалық сұрақтар:</i> 1.Құрамында көміртегі саны көп болған сайын қалай жанады? 2.Қандай құбылыстарды байқадыңыз? 3.Жылу не себептен бөлінеді деп ойлайсыздар?	Презентация Слайд 6-9 https://bilimland.kz/kk/courses/chemistry-kk/organikalyq-ximiya/organikalyq-ximiyanyng-negizgi-taraulary/lesson/alkandardying-ximiyalyq-qasietteri						
29-32 мин	Жеке жұмыс. Алкандардың химиялық қасиеті (жану реакциясы) тақырыбына есептер шығару. 1) 12г метан толық жанған кезде түзілетін көміртек (IV) оксидінің (қ.ж.) көлемін анықтаңыз? (16,8 л) 2) 5л пропан газы ауадағы оттегімен шектеулі жағдайда әрекеттескенде (қ.ж.) қанша көлем көміртектің оксиді түзіледі? (15 л) 3) 1 моль этан жанған кезде ауадағы оттегі мөлшері аз болды (жеткіліксіз). Реакция нәтижесінде түзілген қатты заттың массасын есептеңіз. (24 г)	Презентация Слайд 10-12						
33-38 мин	Бүгінгі тақырыпты қорытындылау үшін оқушыларға тапсырма ұсыныңыз:	Қосымша 2						
Рефлексия 39-40 мин	Рефлексия. Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне оралу.	Презентация Слайд 13						
Сабақтың басы 0-1 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Ынтымақтастыру атмосферасын құру.							
2- 4 мин	Жаңа сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен	Презентация						

	таныстыру.	Слайд 1-3
5-10 мин	Жаңа сабақты түсіндіру. Тақырыпты ашу.	Презентация Слайд 4-7
11-20 мин	Оқушыларға бейнебаян көруді ұсыныңыз: *Галогендеу. Метанды хлорлау *Галогендеу 1-саты *Галогендеу 2-саты *Галогендеу реакциялары *Галогендеу 3-саты	Презентация Слайд 8-17 https://bilimland.kz/kk/courses/chemistry-kk/organikalyq-ximiya/organikalyq-ximiyanyng-negizgi-taraulary/lesson/alkandardyng-ximiyalyq-qasietteri
21-27 мин	Алкандардың галогендену реакцияларына тапсырма ұсыныңыз.	Қосымша 1
28-31 мин	Оқушыларға этанның хлорлану реакциясының механизмінің сатыларын жазуды ұсыныңыз.	Презентация Слайд 18-19
32-37 мин	Оқушыларға «Еріткіштерді алу мақсатында жану және хлорлау реакцияларын қолдану» тақырыбын қорытындылау мақсатында «Kahoot» викториналық-дидактикалық ойынын ұсынамын. 1. Жарықтың немесе жоғары температураның әсерінен іске асатын алкандардың практикалық маңызды реакцияларының бірі? 2. Алкандарға тән химиялық реакциялар? 3. Алкандар жанғанда оттек жеткілікті жағдайда болса, реакция нәтижесінде түзілетін өнімдер? 4. Элементарлы кезеңдермен берілетін химиялық реакцияның толығымен сипатталуы не деп аталады? 5. Алкандардың галогенденуін неше кезеңге бөліп қарастыруға болады? 6. Алкандарда галогеннің орын басу реакциясы кімнің ережесіне сай жүреді? 7. Жұптаспаған жалқы электроны бар атом немесе атомдар топшасы қалай аталады? 8. Еріткіш ретінде және	Ноутбукте р

	органикалық синтез үшін бастапқы зат ретінде пайдаланылатын маңызды реагенттер? 9. Бос радикалды орынбасуға байланысты галогендердің реакциялық белсенділік қатарын көрсетіңіз?	
Рефлексия 38-40 мин	Рефлексия. Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне оралу.	Презентация Слайд 20
Үй жұмысы	Хлоралкандарды (хлорланған еріткіштер), олардың бұрын қолданылған аумағын және экологиялық зардаптарын, олар қоршаған ортаға осы химиялық заттардың қауіптілігінің алдын алу туралы плакат, кітапшалар дайындайды.	
Денсаулықты және қауіпсіздікті сақтау	Химия кабинетіндегі ҚТЕ	

Өткізілген әрбір сабақ нәтижелі болуы қойылған мақсаттың дұрыс та, тиімді болуында.

Өндірістік машықтану болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруда, болашақ педагогтардың кәсіби тұрғыда қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Машықтанудан өту барысында студенттердің теориялық білімдері тереңдетіледі, нығайтылады. Студенттердің кәсіби білім-білік дағдылары мен тұлғалық қабілеттері қалыптасып, педагогикалық ойлауы, шығармашылық белсенділігі мен дербестігі дамиды.

Мемлекеттік өндірістік машықтанудан өтудегі негізгі мақсат – жаңа әдіс-тәсілдерді әрбір химия сабақтарында қолдана отырып, заман талабына сай, білімі жоғары, бәсекеге қабілетті, күнделікті сабақтан алған білімін өмірмен ұштастырып, пайдалана білетін болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу екендігіне көз жеткізілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.С.Ақашева, К.Ж.Дүйсебаева, Б.Қ.Ақмолдаева. Педагогикалық практиканы өткізудің маңызы және ұйымастыру мәселелері. География в школах и вузах Казахстана. №3. 2016

2. А.Ә. Әсілбекова, Д.Х. Аширова, О.А. Овчинникова, Г.С. Райсханова. Химия. Учебник. 2018. Алматы.

3. Chemistry, Grade 9: Қостілді оқулық / Қ.Байкенов, Т.Хасен, Н.Жұмағұлов, Д.Калиев, О.Юсупов, А.Саматов, А.Тор. – Алматы: Астана-кітап, 176 б. -2018. УДК 574.1

ИССЛЕДОВАНИЕ ВИДОВОГО СОСТАВА ГРИБОВ НА ТЕРРИТОРИИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Автор: Тарасов М.С.

Костанайский государственный педагогический Университет
им. У. Султангазина, г. Костанай

Научный руководитель: Пережогин Ю.В.

Костанайский государственный педагогический Университет
им. У. Султангазина, г. Костанай